



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ
БАНКТЕР
АРАСЫНДА
ЖҮРГІЗІЛГЕН
САУАЛНАМА**

**2025 ЖЫЛҒЫ
3-тоқсан**

Кредиттеу туралы банктер арасында жүргізілген сауалнама

2025 жылғы 3-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

2025 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша бизнестің несиеге деген жиынтық сұранысы артты, бұл негізінен ірі кәсіпорындар тарапынан сұраныстың айтарлықтай өсуімен байланысты болды (1-сурет). Орта бизнес сұранысы алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталса, шағын кәсіпорындар арасында шамалы өсім байқалды.

3-тоқсанда ірі кәсіпорындар тарапынан сұраныстың өсуі алдыңғы тоқсанда тіркелген төмендеуден кейін іскерлік белсенділіктің қалпына келуін атап өткен жеке бір ірі банктегі өтінімдер санының артуымен түсіндіріледі (1-сурет). Сондай-ақ, аталған банк компаниялар тобына кіретін бірқатар кәсіпорындар тарапынан шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған «Өрлеу» бағдарламасына қызығушылық бар екенін хабарлайды. Алайда ірі корпоративтік құрылымдарға кіретін компанияларға қойылатын шектеулер бұл сұранысты толық көлемде қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді.

Жалпы өтінімдер санының өсуіне қарамастан, банктер несиелік ресурстардың жоғары құны, ірі кәсіпорындарға арналған мемлекеттік қолдаудың шектеулігі және жобаларды квазимемлекеттік сектордан тікелей қаржыландырудың болуы несиелеуді кеңейтуге әсер ететін тежеуші факторлар ретінде атап өтеді.

Сонымен қатар, қазіргі кезде «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі Ұлттық жоба аясында қаржыландыру механизмдері мен шарттары талқылануда. Дегенмен, банктердің пікірінше, инфрақұрылымдық жобалардың ұзақ мерзімділігі мен жоғары қаржылық сыйымдылығы, негізгі активтердің тозуы, нарықтық емес тарифтік реттеу және кәсіпорындардың ағымдағы қаржылық жағдайы олардың несиелендірілу тәуекелін арттырады, әсіресе реттеушілік талаптар мен тәуекелге бағдарланған тәсілдер ескерілген жағдайда.

Бірқатар банктерде шетел валютасындағы қарыздарға қызығушылық байқалды. Бір орта банкте кепілдік талаптары жеңілдетіліп, қабылданатын активтер тізімі кеңейтілді (3-сурет). Жалпы алғанда, ірі бизнес тарапынан несие өтінімдерінің жалпы саны тоқсандық есеппен (т/т) 19%-ға өсіп, 237-ге жетті, ал өтінімдердің орташа көлемі 6%-ға төмендеп, 12,1 млрд теңгені құрады.

Орта кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталса, шағын кәсіпорындар арасында шамалы өсім байқалды (1-сурет). 3-тоқсанда несиелеуді ынталандырудың негізгі құралдары ретінде «Өрлеу» бағдарламасы мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның портфельдік кепілдендіру тетігі қолданылды. Алайда

банктердің пікірінше, «Өрлеу» бағдарламасының ағымдағы тәсілі — банктердің өз қаражаты мен берілетін қор қаражатын араластыру — базалық мөлшерлеменің өсуіне сезімтал болып шықты. Өнімнің рентабельділігінің төмендеуі салдарынан банктер аталған бағдарлама мен соған ұқсас бастамаларға қатысты сақтық танытты. Орта және шағын бизнес тарапынан портфельдік кепілдендіру механизміне жоғары қызығушылық байқалды, себебі бұл аталған сегменттер үшін кепілдік мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Бірқатар банктерде жаңа кепілдік өнімдер іске қосылды. Микро кәсіпкерлікке қатысты кейбір банктер қарыз алушылардың қаржылық жағдайына қойылатын талаптарды күшейтіп, портфельдің сапасын сақтау мен жақсарту үшін олардың іріктелуіне сақтықпен қарады (3-сурет). Басқа жағдайларда банктер микробизнеске арналған арнайы қосымша енгізу, кірісті растау мүмкіндіктерін кеңейту, өнімді мақсатты клиенттер арасында ілгерілету және скоринг жүйесін жетілдіру жұмыстарын жүргізді. Жалпы алғанда, орта бизнес өтінімдерінің саны алдыңғы деңгейде сақталып, 5,3 мыңды құрады, орташа өтім көлемі 2%-ға төмендеп, 905 млн теңге болды. Шағын бизнес өтінімдерінің жалпы саны 10%-ға өсіп, 999 мыңға жетті, орташа өтім көлемі 9%-ға төмендеп, 27,7 млн теңгені құрады.

Ірі бизнес субъектілері бойынша өтімдерді мақұлдау коэффициенті 3 п.п.-ға төмендеп, 53%-ды құрады. Бұл, негізінен, кейбір өтімдердің әлі қаралу сатысында болуымен байланысты. Ал орта және шағын бизнес сегменттерінде мақұлдау үлесі тиісінше 4 п.п. және 3 п.п.-ке өсіп, 36%-ға дейін жетті. Мұны мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қолжетімділіктің арқасында қарыз алушылар шеңберінің ұлғаюы мен олардың қаржылық жағдайының нығаюымен түсіндіруге болады.

Банктердің бағалауынша, 2025 жылдың 4-тоқсанына бизнестің несиеге деген сұранысы алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталады (1-сурет). Алайда пайыздық мөлшерлемелердің өсуіне байланысты несиелеу шарттарын біршама қатаңдату күтілуде (4-сурет).

Жеке тұлғаларды кредиттеу

2025 жылдың 3-тоқсанының қорытындылары бойынша ипотекалық қарыздарға сұраныс төмендеді, автокредиттерге сұраныс шамалы артты, ал кепілмен және кепілсіз берілетін тұтынушылық займдар бойынша сұраныс өткен тоқсан деңгейінде сақталды.

Есептік тоқсанда ипотекалық займдарға сұраныстың төмендеуіне ипотекалық өнімдер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (бұдан әрі – ЖТСМ) 25%-дан 20%-ға дейін төмендеуі¹ әсер етті, осыған орай бірқатар банктер нарықтық ипотекалық кредиттеу талаптарын қайта қарады. Бұдан бөлек, ипотекалық кредиттеу сегментіндегі ірі банк сұраныстың төмендеуін екінші тоқсандағы өтінімдерді қанағаттандыру деңгейінің жоғары болуымен түсіндіреді. Сонымен қатар, базалық мөлшерлеменің өсуі және ипотекалық өнімдер бойынша ЖТСМ шекті мәндерінің төмендеуі күтіліп отырған жағдайда бірқатар ірі банктер баламалы ипотекалық өнімдерді ұсына бастады. Бұл өнімдерде тұрғын үй сатып алуға арналған бастапқы жарна банкте ақша түріндегі кепіл ретінде қабылданып, оған сыйақы есептелмейді. Банктердің жауаптарына сәйкес, 3-тоқсанда ипотекалық қарыздар бойынша ЖТСМ шекті мәнінің қайтадан 25% деңгейіне қайтарылуы кредиттеу талаптарындағы негізгі өзгеріс болды. Сонымен бірге, жекелеген банк қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалау өлшемдерін табыс бағалауы бойынша қатаңдатты. Нәтижесінде ипотекалық қарыздарға берілген өтінімдер саны 19%-ға (т/т) өсіп, 288 мыңды құрады, ал олардың орташа мөлшері 21%-ға ұлғайып, 21 млн теңгені құрады.

Кепілмен берілетін тұтынушылық займдарға сұраныс 2025 жылғы 2-тоқсан деңгейінде сақталды. Өтінімдер санының өсуі, ең алдымен, осы сегментте орта банк іске қосқан пилоттық цифрлық сервис және өтінім беру белсенділігінің артуымен байланысты. Кепіл қойылған тұтынушылық несиелеу бойынша сыйақы мөлшерлемелері тұрғысындағы кредиттеу талаптары кейбір банктермен жеңілдетілді. Осы өнімге түскен өтінімдер саны 94%-ға (к/к) артып, 100 мыңды құрады, ал орташа өтінім көлемі 21%-ға (к/к) төмендеп, 12 млн теңгені құрады.

Кепілсіз тұтынушылық кредиттеу сегментіндегі сұраныс та 2025 жылғы 2-тоқсан деңгейінде қалды. Банктер реттеуші талаптардың қатаюын атап өтті. Осы сегменттегі сұранысқа әсер еткен негізгі факторлар: мерзімнің 5 жылға дейін қысқаруы, жасы 21-ге дейін және 55 жастан жоғары тұлғалар үшін займ шартын жасасу барысында қосымша

¹ Осы норманың қолданылуы 2025 жылғы 1 қарашаға дейін тоқтатылады. Бұл Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті өлшемдерін айқындау туралы» бірлескен қаулысының құрылымдық элементінің қолданылуын тоқтату туралы» бірлескен қаулысына сәйкес іске асырылады.

талаптардың енгізілуі, «суыту кезеңі» және несиелік тарихы жоқ қарыз алушының несиелену кезінде банк бөлімшесіне келу міндеттемесі². Нәтижесінде өтінімдер саны 6%-ға (к/к) төмендеп, 17,2 млн болды, ал орташа өтінім көлемі 7%-ға (к/к) өсіп, 1 050 мың теңгені құрады.

Автокредиттеу сегментінде сұраныстың өсуі 2025 жылдың бірінші жартысында бірқатар банктер іске қосқан автосалондар субсидиялайтын бағдарламалардың кейінгі әсерімен түсіндіріледі. Нәтижесінде автокредиттерге түскен өтінімдер саны өткен тоқсан деңгейінде – 1,52 млн болып қалды, ал орташа өтінім көлемі 5%-ға (к/к) төмендеп, 6,9 млн теңгені құрады.

Мақұлдау коэффициенттері ипотекалық қарыздар бойынша 6 т.п.-ға (к/к) төмендеп, 23%-ды құрады; кепілмен берілетін тұтынушылық займдар бойынша 23 т.п.-ға (к/к) төмендеп, 22%-ды құрады; автокредиттер бойынша 2 т.п.-ға (к/к) төмендеп, 17%-ды құрады; ал кепілсіз займдар бойынша көрсеткіш өзгеріссіз қалып, 32% деңгейінде сақталды. Ипотекалық займдар бойынша мақұлдау коэффициентінің төмендеуі ірі банктің ипотекалық қаржыландыруды шектеуімен байланысты. Кепілмен берілетін тұтынушылық займдар бойынша төмендеу — жекелеген банктің жаңа пилоттық өнімінде мақұлданған өтінімдердің болмауымен түсіндіріледі. Автокредиттеу сегментінде төмендеу кейбір банктердің талаптарды қатаңдатуымен байланысты.

2025 жылдың 4-тоқсанында банктер ипотекалық қарыздарға, кепілсіз тұтынушылық займдарға және автокредиттерге сұраныстың аздап төмендеуін күтеді, ал кепілмен берілетін тұтынушылық займдар бойынша сұраныс тұрақты болады деп болжануда (5-сурет). Бұл күтулер банктердің пікірінше, базалық мөлшерлеменің көтерілуіне байланысты кредиттеу шарттарының қатаю ықтималдығымен түсіндіріледі, бұл тұтынушылық несиелер (кепілмен және кепілсіз) мен автокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің қайта қаралуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, банктер кепілсіз займдар бойынша 2025 жылғы қыркүйектен бастап күшіне енетін шектеулерді сұранысқа әсер етуші фактор ретінде атап өтті — «суыту кезеңі» және жасқа байланысты қосымша келісім талаптары, сонымен қатар қарыз алушы тұлғалар өз келісімін қосымша растауы қажет болады³. Ипотекалық қарыздар

² Аталған өзгеріс Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII «Қаржы нарығын дамыту, қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғау, байланыс мәселелері және артық заңнамалық реттеуді алып тастау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес енгізілді.

³ Аталған норма Қазақстан Республикасының Мемлекет Басшысы 2025 жылғы 30 маусымда қол қойған «Қаржы нарығын дамыту, қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғау, байланыс мәселелері және артық заңнамалық реттеуді алып тастау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.

бойынша банктер кепілдік қамсыздандыру талаптарының бір бөлігінің жұмсартылуын және ипотекалық несиелеудің қайта жандандырылуын күтеді.

Зерттеу туралы жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттеу туралы сауалнаманы банктер арасында тоқсан сайын жүргізіп отырады. Бұл сауалнама кредит ресурстарына деген сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерді бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Сауалнама банктің жалпы кредит саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына арналған. Зерттеу кезінде барлық банк сауалнама толтырады және кей банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап беру үшін мына жауаптардың бірі қолданылады:

-1 = айтарлықтай төмендеді / қатаңдады

-0,5 = сәл төмендеді / сәл қатаңдады

0 = бұрынғы деңгейде қалды

0,5 = сәл артты / сәл жеңілдеді

1 = айтарлықтай артты / айтарлықтай жеңілдеді

2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері қарапайым орташа тәсілмен есептеліп, таза процент өзгерісі (ТПӨ) ретінде ұсынылатын. Бұл – параметрдің артқанын (жеңілдегенін) көрсеткен респонденттердің үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) көрсеткен респонденттердің үлесі арасындағы айырма.


2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап нәтижелер әр банктің кредит нарығы сегментіндегі үлесін ескере отырып, ТПӨ түрінде есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні -100%-дан (барлық банктер «айтарлықтай төмендеді/қатаңдады» деп жауап берсе) +100%-ға дейін (барлығы «айтарлықтай артты/жеңілдеді» деп жауап берсе) өзгере алады.

Бұл көрсеткіш оң болса – өсімді (жеңілдеуді), ал теріс болса, төмендеуді (қатаңдауды) білдіреді. Сонымен қатар, таза процент өзгерісі – көрсеткіші параметрдің нақты көлемін емес, тек өзгеріс болған-болмағанын көрсетеді.

Сондай-ақ 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап, сауалнамада қойылатын және мақұлданған кредиттік өтінімдер туралы сұрақтар (№21, 22, 23 сұрақтар) енгізілді. Жалпы өтінімдер санына мақұлданған, бас тартылған және зерттеу жүргізу кезінде қаралып жатқан өтінімдер кіреді.

1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына деген сұранысы


Таза процент өзгерісі



(а) №1 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда кәсіпкерлердің кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?
 (б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні кәсіпкерлердің кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.


2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі



(а) №5 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
 (б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.


3-сурет. Кредиттеудің кейбір шарттары



- (а) №7 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде берілген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
 (б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

4-сурет. Кредит сыйақысы мөлшерлемелері

Таза процент өзгерісі




(а) №8 сұрақ: Кейінгі 3 айда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза кредит өзгерісінің оң мәні корпоративтік секторға берілетін кредит сыйақысының мөлшерлемесі төмендегенін білдіреді.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы

Таза процент өзгерісі




(а) №9 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

6-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредит шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №16 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген ипотекалық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні ипотекалық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

8-сурет. Тұтыну кредитін беру шарттары


Таза процент өзгерісі



- (а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
- (б) №17 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген тұтынушылық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 ай ішінде бұл шарттар қалай өзгереді?
- (в) Таза процент өзгерісінің оң мәні тұтынушылық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларға арналған кредиттің сыйақы мөлшерлемесі қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні жеке тұлғаларға берілетін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегенін білдіреді.